

ЮРИСЛИНГВИСТИКА ПӘННІҢ КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРІН ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ

ӘОЖ. 81'



Б.Р. Есімсейтов

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және кәсіби тілдік дайындық кафедрасының аға оқытушысы, 1-сыныпты заңгер, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Түйін

Автор «юрислингвистика» атты жас, дамушы ғылым туралы баяндайды. Мақалада заңгердің кәсіби қызметіндегі тілдің рөлі жайлы ойлар айтылады. Сонымен қатар, мақалада юрислингвистика жеке пән ретінде қарастырылады.

Түйінді сөздер: юрислингвистика, құқық, заң тілі, заңнамалық лингвистика.

Резюме

Автор обращается к молодой, развивающейся науке под названием «юрислингвистика». Статья представляет собой осмысление роли языка в профессиональной деятельности юриста. Также в статье юрислингвистика рассматривается как отдельный предмет.

Ключевые слова: юрислингвистика, право, юридический язык, законодательная лингвистика.

Summary

The author addresses to the young, rapidly developing science under the name of «juridical linguistics». The article represents an attempt to comprehend the role of a language in the professional activity of a lawyer. Also in article the juridical linguistics is considered as a separate subject.

Key words: juridical linguistics, law, law language, legislative linguistics.

Қоғамдағы ілгерлеу үдерісі жаңа ұғымдар мен терминдерді белгілі бір салалық сипатта айналымға енгізіп жатады. Бүгінгі жаһандану осы үдерістің ауқымын бірнеше рет ұлғайтып, жылдық, айлық ұғымдарымен байланысты сипатталатын кейбір қоғамдағы қозғалысты күндік сипатқа жеткізді. Олай деуге күнделікті түрлі құжаттармен қолданысқа еніп жатқан ұғымдар мен терминдер дәлел. Одан қалды бүгінгі қоғамда бір салаға қатысты теориялық мәселелерді жеке қарау



мүмкін болмай қалды. Олай айтуға қоғамдағы кез-келген саланы басқа салалармен байланыстыра қараудың нәтижелігі артуында. Мәселен бүгінде тіл біліміне қатысты барлық тұрақты (фонетика, лексика, сөзжасам, грамматика) салаларды психология, заң, педагогика, әлеуметтану, математика т.б. салалармен байланысты қарау жолға қойылған. Соған байланысты тіл білімінде жаңа атаулармен белгіленген: «Психоллингвистика», «Әлеуметтік лингвистика», «Юрислингвистика», «Фоноскопия», «Тіл экологиясы», «Тіл және қисын» т.б. пәндер оқытыла бастады. Бұл пәндердің мақсаты тіл мен саланы жүйелі байланыстыра қарастыру.

Мақала желісі тіл мен құқық шегіндегі теориялық мәселелерді жан-жақты қарастыру мақсатында ғылыми айналымға 1999 жылдары енген – юрислингвистика термині және оның бүгінгі таңда болашақ заңгерлерді дайындауда жеке пән ретінде оқытылуының алғы шарттарына құрылып отыр.

«Юрислингвистика» терминінің пән ретінде аталу қатынасы бойынша – тіл мен құқық шегіндегі анағұрлым жалпы және кең, нақты аспектілерде «соттағы сөйлеу», «лингвокриминалистика», «лингвистикалық сараптама» терминдерімен қатар қолданылады.

«Юрислингвистика» терминінің ғылыми айналымға түсіп, жеке пәннің атауы ретінде қолданылуы Ресей ғалымы, профессор Н.Д. Голев ғылыми жетекшілік жасаған Алтай мемлекеттік университетінің юрислингвистика және сөйлеуді дамыту зертханасының ғылыми қызметкерлерінің және аймақтық ассоциация лингвист-сарапшылары мен оқытушыларының бастамасымен негізі қаланды [1]. Ресей лингвистерінің заңнамалық лингвистиканың түрлі бағытын қамти жазған ғылыми мақалалары негізінен 1999-2008 жылдар аралығында жарық көрген «Юрислингвистика» атты ЖОО аралық ғылыми еңбектер жинағында жарияланып отырды. Қазақ тіл білімінде лексика саласының бір тармағы ретінде аталып, санаулы ғана ғалымдардың еңбектерінде зерттелуіне шолу жасау, ұғымға берілген анықтама мен теориялық болмысына сипатама жасаумен шектелген ғылыми мақалаларды көзіміз шалды [2]. Юрислингвистиканың пән ретінде оқытылуы туралы мәліметті екіншіше орай мен кездестіре алмадым. Филологтар және заңгерлер дайындалып жатқан ЖОО-ға тиісті кафедраларда, колледждарда таңдау пәні ретінде оқытылып жатқан да болар. Қазақстанда заңға қатысты тілдік мәселе мүлдем жоқ деуге болмайды.

Жоғарыда баяндап өткеніміздей, Юрислингвистика тілдің заңға қатысты түрлі аспектілерін қарастыратын ғылыми пән. 2015 жылы іргетасы қаланған Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының ағымдағы жылы қабылданған магистранттарының оқу-жұмыс жоспарына «Юрислингвистика» таңдау пәні ретінде енгізілді. Оқу пәні ретінде енгізілудің мақсаты деп мына мәселелерді көрсеткен болар едім. Кез келген жоғары білікті заңгердің тілдік капиталы бай; заң саласындағы өзекті мәселелерді анықтай алуы; заңдық күші бар құжаттарды сауатты толтыра білу; жеке тұлғаларға тіл арқылы әсер ете білуі керек. Осы мәселелерді жинақтайтын болсақ, заңгер өзінің кәсіби қызметінде тілді құрылымдық және қарым-қатынастық сипатта қолдана алуы керек. Яғни, юрислингвистика пәні заңгерге осы тұрғыдан қажет. Қазақ қоғамындағы заң ғылымын, тәжірибеде жиі қолданылатын барлық құжаттардың мәтіндерін, халықаралық қарым-қатынас орнатуда толтырылатын құжаттардың заңдық сипаттамасын зерделейтін де осы заңгерлер. Сондықтан заңгерлерге тіл мен құқықты қатар қарастыратын пәннің қажеттігі айтпаса да түсінікті.

Осыған байланысты «Құқық және тіл: юрислингвистика аспектілері» атты пәннің жұмыс оқу бағдарламасы әзірленді. Пәннің оқыту мақсаты: Құқық қорғау қызметкерлерінің кәсіби қызмет сапасын көтерудегі базалық алғышарт ретінде олардың жүйелі юрислингвистикалық құзіреттіліктерін қалыптастыру және юрислингвистиканың интеграциялық ғылыми жаңа бағытын дамыту. Мақсатқа қол жеткізуде пәнді оқытудың төмендегі міндеттері орындалады деп күтілуде: магистранттардың коммуникативтік құзіретінің кәсіби деңгейін көтеруге мүмкіндік туғызу; заңнама тілі туралы түсінік қалыптастыру, терминжасам, аударма, редакциялау қызметтерінің ерекшеліктерін көрсету; магистранттардың жалпы лингвистикалық капиталын дамыту.

Әрине 20 жылға жуық даму тарихы бар орыс ғылымындағы юрислингвистика пәнінің бүгінгі қарастырып отырған мәселелерін [3] қазақстандық магистранттарға баяндау ертерек болуы мүмкін. Қазақ қоғамындағы осы саланың аз зерттелуін ескеретін болсақ. Дегенмен осы мәселелерге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізуді қолға алуымыз керек. Егер осы мәселелерге қатысты іс-шаралар басқа ЖОО-да немесе зерттеу институттарында орындалып жатқан болса,

олардың басы біріктіріліп, пәннің тақырыптық жоспарын жетілдіруге арқау болуы керек. Сонда заң саласындағы лингвистикалық сараптама, фоноскопия, лингвокриминалистика т.б. сияқты салалардың дамуына, жетілуіне айтарлықтай серпіліс жасалынар еді. Бұл өз кезегінде отандық құқық саласының қарқынды дамуына әкелген жаңалық та болар еді.

Сонымен «Құқық және тіл: юрислингвистика аспектілері» атты пәннің жұмыс оқу бағдарламасында мынадай тақырыптар қарастырылады деп жоспарлануда: Мемлекеттік тіл табиғи тілге заңды сипат берудің жоғарғы үлгісі; Тілдік-сөйлеу дауларын заң тұрғысынан реттеу; Азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізудегі юрислингвистика; Заң тілі; Заң мәтіндерін және заң техникаларының лингвистикалық аспектілері; Заң терминтанымы; Заңгердің лингвистикалық құзіреті және кәсіби сөйлеу нормалары; Заң мәтіндерін аудару мәселелері; Заңи іс жүргізу тілі: ресми стиль, құжаттардың тілдік ресімделуі.

Осы тақырыптар төңірегінде оқытуды бастағалы отырған «юрислингвистика» пәнінің бұдан да ауқымды жаңа тақырыптарды зерттеудегі қызметі болашақта жетілдіріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Голев Н.Д. Постановка проблем на стыке языка и права // Юрислингвистика- 1: Проблемы и перспективы. -Барнаул, 1999. -С. 4-11.
2. Жалмаханов Ш.Ш. Лингвистикалық сипаттаманың негізгі нысаны – сөйлеудегі даулы мәтіндер // Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы «Филология» сериясы. № 2 (70) / 2013, 21-26 беттер.
3. Киракосян М.Б. Роль языка в профессиональной деятельности юриста // Филологические науки. Вопросы теории и практики, № 6 (36) 2014, часть 1, - С. 89-91.

